



2024-2025 оқу жылында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ бойынша білім берудің "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыруы туралы ақпараты

2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығын басшылыққа алып жұмыс жасады.

Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс. Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

- **Тәуелсіздік және Отаншылдық**
- **Бірлік және Ынтымақ**
- **Әділдік және Жауапкершілік**
- **Заң және Тәртіп**
- **Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік**
- **Жасампаздық және Жаңашылдық**

Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады. Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

- **Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- **Қазан** – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- **Қараша** – әділдік және жауапкершілік айы
- **Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы
- **Қаңтар** – заң және тәртіп айы
- **Ақпан** – жасампаздық пен жаңашылдық айы
- **Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- **Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- **Мамыр** – бірлік пен ынтымақ айы

Әр айдың іс-шаралары күнделікті

• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»:** үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдауапта сайын:

• **«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды

• **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

Пікірсайыс турнирлері – қоғамда орын алатын проблемаларды жариялы түрде талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірсайыс ойындарын өткізу.

• **Мектеп парламентінің президентін сайлау** – қазан айының үшінші сенбісі.

• **«Күй күмбірі»** домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша).

Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалар:

• **«Қамқор»** – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

• **«Еңбегі адал – жас өрен»** – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

• **«Шабыт»** – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

• **«Ұшқыр ой алаңы»** – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.

• **«Smart bala»** – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

• **«Балалар кітапханасы»** – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Қыркүйек айы «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік» айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және құндылықтарға бағытталған жобалар бойынша көптеген іс-шаралар өткізілді.

1- қыркүйек Білім күніне орай 1 және 11 сынып білім алушылары үшін «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізіліп, жиыннан соң тақырып бойынша тәрбие сабақтары жүргізілді. Білім күні мерекесіне орай ұстаздар, оқушылар және ата—аналардың мерекелік видеоқұттықтаулары ұйымдастырылды.

2- қыркүйек 2-10 сынып оқушыларына арналған «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары өз деңгейінде өткізілді.



Биылғы жылы Қазақстанда өткілетін «Көшпенділер ойыны» іс-шараларына да мектеп-гимназиямыз ат салысты. Осы іс-шараға орай «Дебют» үйірмесінің жетекшісі және спорттық секциялар жетекшілерінің ұйымдастыруымен тоғызқұмалақ, дойбы және шахматтан үштік одақ (оқушылар, ұстаздар, ата-аналар) арасында жарыс өткізілді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында "Таза Қазақстан" экологиялық акциясы туралы айтты. Акцияның мақсаты - экологиялық мәдениетті қалыптастыру, "адал адам – адал еңбек – адал табыс" патриотизм құндылықтарын дәріптеу, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарау. Бұл, президент атап өткендей, "уақытша акция емес, бұл маңызды жоба жыл бойы жалғасуы тиіс". Осы акцияға байланысты мектеп-гимназиямыздың инстаграм парақшаларына хабарландырулар, акцияның басталғаны және оның жалғасатындығы туралы жарияланымдар жарияланды.



«Отбасы күні» апталығы шеңберінде ұлттық ойындар бағытында 6-сынып оқушылары отбасылар арасында «Бес асық», «Бес табан», «Тас қамал» ұлттық асық ату ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: Отбасы мүшелері арасында бауырмалдылық, қайырымдылық қағидаттарын нығайту. Ата-анасын сыйлай білетін ұрпақ тәрбиелеу. Отбасы

құндылықтарын арттыру. Ойын арқылы балалардың, ата-аналардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, мергендікке тәрбиелеу. Жарысқа қатысқан ата- аналар мен оқушылар марапатқа ие болды.

Отбасы күні мерекесіне орай Арқалық қаласы білім бөлімінің Қосымша білім беру орталығы және Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен “Бақытты отбасы - бақытты ел” тақырыбында өткізілген қалалық іс-шараға, мектеп- гимназиямыздың ата- аналары, “Мерейлі отбасы- 2024” қалалық кезеңінің жеңімпазы Байтұрсыновтар отбасы атанды.



Тілдер күні мерекесіне орай «Тіл-рухани қазына» атты онкүндіктің ашылу салтанаты өткізіліп, жоспар бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтсақ, 1-11 сынып оқушылары үшін кітапханада “Тіл- тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз” атты көрме ұйымдастырылды, оқушылар арасында викториналық ойындар, қызықты тапсырмалар беріліп іс-шара өткізілді.

Жоғары сынып оқушылары арасында тарих пәні мұғалімі Турсынбеков А. Ж. ұйымдастыруымен “Рейхстагқа ту тіккен” тақырыбында тарихи - дәріс іс- шарасы, 1-4 сыныптар арасында «Менің Отаным – Қазақстан» атты суреттер байқауы өткізілді. Сонымен қатар тілдер күні мерекесіне орай қалалық «Мемлекеттік тіл-мерейім» атты сайысқа Табылды Айғаным қатысып жүлделі 2 орынға ие болса, «Тіл-ұлттың жаны» атты сайысқа Түгел М. қатысып жүлделі 2 орынды иеленді. Т.Рысқұловтың 130 жылдық мерейтойына арналған мемлекеттік тілдің Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде қоғамдағы рөлін нығайту мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында жалпықазақстандық ашық диктанттың жазды.

2-6 қыркүйегі аралығында 1-11 сыныптар арасында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында KiVa буллингке қарсы мектеп боп жарияланғанымыз туралы координатор Жапарова А. К. түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар мектеп формасына қойылатын талаптар туралы, құқық бұзушылықтардың алдын алу, балалардың қауіпсіздігі т.б.



Білім алушылардың кәсіби біліктілік деңгейін арттыру мақсатында жоғары сынып оқушылары арасында “Бүгінгі мектеп түлегі- ертеңгі елдің тірегі” тақырыбында мектеп қабырғасын бітіріп кеткен түлекпен кездесу кеші өткізілді. Кештің қонағы 2008 жылы аталған мектепті аяқтаған түлегі - Сәбитбек Болыс Мәжитұлы болды. Сәбитбек Болыс Мәжитұлы бүгінгі таңда Англия астанасы Лондон қаласындағы королева Мария атындағы университетінің математика- физика саласының ғылыми қызметкері. Кездесу барысында Болыс Мәжитұлы өзінің балалық шағы, мектептегі өмірін, одан кейін қазір атқарып отырған қызметіне дейін қандай белестерді бағындырғаны туралы оқушыларға баяндап берді. Жоғарғы сынып оқушылары түлегіміздің сұхбатын бар ынталарымен тыңдап, түрлі сұрақтар қойды.

8-11 сынып ер балалары арасында “Ата кәсіп- ұрпаққа нәсіп” тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу қонақтары “Әкелер” алқасының төрағасы және мүшелері болды. Кездесу барысында қонақтар тарапынан ер бала тәрбиесіне байланысты көптеген пайдалы мәліметтер беріліп, мамандық таңдауға байланысты бағыт - бағдар берілді. Ер балалары кездесуден тәрбиелік маңызы зор әсер алып қайтты.

Кәсіптік бағдар беруші Б. Т Бирмаканованың ұйымдастыруымен 9, 11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Мақсаты: білім алушылардың қандай мамандықты игергісі келетінін анықтау. Оқушыларды кәсіптік бағдарлауға бағытталған іс-шаралар өз дәрежесінде жоспарлы түрде өткізілді. Нәтижесінде, сыныптарда мамандық ерекшелігі талқыланды, әр оқушының қызығушылығы мен кәсіби таңдауы анықталды.



5-11 сынып оқушыларының ата- аналарына арналған “Аутодеструктивті мінез- құлықтың алдын алу, буллинг, зорлық- зомбылықтың алдын алу” тақырыбында жалпы республикалық ата аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында мектеп психологі, әлеуметтік педагог тарапынан түсіндірмелі ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.



9-11 сынып ер балалары арасында футбол лигасының ашылуы өткізілді. Сыныптардан құралған футбол командалары алаңда асқан шеберлікпен ойнап, ең мықтылар жеңіске жетіп марапатқа ие болды.



Қазақтың бас ақыны, ұлы дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын насихаттау, оқушының бойына ақыл мен парасатты, сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін бойына сіңдіру, ұлыларымызды құрметтеу, сол арқылы оқушы бойына мақтаныш сезімін тудыру, даналардың даралығын бағалау, қастерлей білуге баулу мақсатында мектеп-гимназиямызда «Абай әлемі» жобасы аясында аптаның әр сәрсенбісінде «Абай әндері» күні болып бекітілген. 1-11 сыныптарға арнайы бөлінген әндерді оқушылар 1-сыныптан бастап жаттап, әуенімен айтып, 11-сыныпқа дейін Абайдың 11 әнін біліп шығады.

№	Тақырыптары	Сыныптар	Жауапты
1	«Ата-анаға көз қуаныш»	1 сынып	Сынып жетекшілер
2	«Бойы бұған...»	2 сынып	Сынып жетекшілер
3	«Желсіз түнде жарық ай»	3 сынып	Сынып жетекшілер
4	«Көзімнің қарасы»	4 сынып	Сынып жетекшілер
5	«Қараңғы түнде тау қалғып»	5 сынып	Сынып жетекшілер
6	«Айттым сәлем, Қаламқас»	6 сынып	Сынып жетекшілер
7	«Қарашада өмір тұр»	7 сынып	Сынып жетекшілер
8	«Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?»	8 сынып	Сынып жетекшілер
9	«Жарық етпес қара көңілім не қылас да»	9 сынып	Сынып жетекшілер
10	«Сұрғылт тұман, дым бүркіп»	10 сынып	Сынып жетекшілер
11	«Мен сәлем жазамын»	11 сынып	Сынып жетекшілер



Сонымен қатар әр аптаның жұма күндері ұлттық нақыштағы ұлттық киімді дәріптеу, насихаттау мектеп-гимназиямыздың дәстүріне айналған.

«Қыздың көркі – шаш, шаштың көркі – шаштеңге» дейтін бабаларымыз қыз бойындағы бар сұлулықты бір бұрымға сыйдырған. Мұның мән-мағынасы тереңде жатыр. Өйткені халқымыз шаштың киесі бар деп сенген. Осы тұрғыда қыз балаларымыз «Бұрымды қыз» челленджіне белсене қатыса білді.

Қазан айы «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы. Жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру болып табылады.

1-қазан қарттар күні мерекесі мен қарт ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтау мектеп-гимназиямызда жылда дәстүрге айналған іс-шара. Биылғы оқу жылы да дәстүр бойынша барлық қарттар мен қарт ұстаздарды құрметтеу мақсатында құттықтау іс-шаралары жүзеге асырылды. Іс-шараға 4-10 сынып оқушылары сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен барып қарттардың ризашылығына бөленіп қайтты. Халықаралық қарттар күніне арналған «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты мерекелік іс-шара өткізілді. «Өрімтал», «Домбыра дастан» үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен дайындалған мерекелік концерт жоғарғы деңгейде өтіп, келген қарияларлар ризашылықтарын білдірді.

Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Шамшырақ» дебат клубының жетекшісі Қ.Төлендіқызының ұйымдастыруымен дебат өткізілді. Белгілі ереже бойынша қарсы тараптың өз позициясын қорғай алу мақсаты басшылыққа ала отырып, көпшілік алдында сөйлеуге қалыптастыру, ораторлық қабілет пен ойлау жүйесін дамыту мақсатында жүзеге асырылды.





Ұстаздар мерекесі орай А. Құнанбаев атындағы мектеп- гимназиясы мектеп парламентінің вице президенті Ердаулетқызы Томирис және 4- сынып оқушылары ҚР оқу- ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсенбаевты Ұстаздар күнімен құттықтады. Видео құттықтау Қазақстан оқу-ағарту министрлігінің сайтына жарияланды. Ұстаздар күні мерекесіне орай А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиямыздың оқушылары мен ұстаздары республикалық Даналық ұстаздан челленджіне белсене қатысты.

3 қазан күні “Дублер күні” өткізілді. Мақсаты: дублер күнін өткізу арқылы, мамандық таңдауға кәсіби бағыт беру, ұстаздық мамандықтың қызығы мен қиыншылығын өз бойларынан өткізіп, мамандыққа деген сүйіспеншіліктерін арттыру болып табылды. Іс- шараға мектеп парламенті және 11- сынып жетекшілері мен оқушылары жауапты болды.

2-10 сыныптарға ұстаздық мамандықты таңдаған оқушылар сабақ кестесі бойынша пәндерден сабақ беріп, әдіс - тәсілдерге машықтанды. Ұстаздардан құралған 12 сыныптарына пәндер бойынша қызықты сабақтар өткізілді. Дублер күні ұстаздарға арналған «Ұлылықтың басында Ұстаз тұрар мәңгілік» мерекелік концертке ұласты.



1-4 сынып оқушылары арасында «Күз кереметі» тақырыбында қолдан жасалған заттар көрмесі өткізілді. Мақсаты: күз мезгілінің ғажайып сырын ұғындыру; күз кереметін сипаттайтын тұстарды суреттеу үшін , шеберліктерін шыңдай түсу. Көрме өз мақсатына жетіп, ерекше еңбекпен жасалған заттардың иелері марапатталды. Бастауыш сынып ата-аналары мен оқушылары және сынып жетекшілеріне алғыс айтылды.

«Жер елшілері » аясында қала және ауыл мектептерінің оқушылары арасында «Таза аула», «Гүлзар операциясы» қалалық экологиялық акциясына “Жасыл клуб” үйірмесі мүшелері белсене қатысты.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған «Жер елшілері аясында «Таза аула», қалалық экологиялық акциясына А.Құнанбаев атындағы мектеп-

гимназиясының « Жасыл клуб» мүшелері қатысып, мектеп ауласында тазалық жұмыстарын жүргізді. Болашақ үшін табиғатты қорғайық! ұранымен тырмалау, сыпыру, құраған жапырақты жинау жұмыстарын белсене атқарды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарына кіретін және күнделікті жүзеге асыру керек іс-шараның біреуі. Өнегелі 15 минут. Бұл іс –шараға 1-10 сынып оқушылары белсене ат салысуда. Әр отбасында ата-анасымен, ата-әжесімен өткізген өнегелі уақыт –ең қымбат уақыт деп есептеледі. Болашақ ұрпақтың бойына сәл де болса құндылық дарыту үлкендердің міндеті болып табылады.



Сакен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған жеңіл атлетикадан 5-6 сынып оқушылары арасындағы «Мектеп лигасы-2024» жарысында 500 метрлік қашықтыққа жүгіруден мектеп-гимназиямыздың атлетшілері жүлделі 3-орынға ие болды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасында берілген құндылықтардың бірі- айтыс өнерін дамыту, оқушылардың санасына сіңіру болып табылады. Осыған орай мектеп-гимназиямызда айтыс өнеріне байланысты көптеген іс-шаралар өткізілуде. Тәрбие сабақтарын айтып өтуге болады. Өткізілген «Айтыс құдіреті» тақырыбындағы тәрбие сабағында кейінгі жылдардағы айтыстардың көпшілігінде бірсыпыра әлеуметтік мәселелер қозғалып, кейбір келеңсіз жайлардың сыналып ашық айтылуы бұл өнер түрінің халыққа берер тәлім-тәрбиелік мәні орасан зор екенін айқын сипатталып айтылды. Тәрбие сабағында өзіміздің жергілікті айтыскер ақыны Айбек Қалиев ағамызға жеке тоқталып, айтыскер ағамыздың жеңістері, жетістіктері туралы оқушыларға мәлімет берілді.

Тәрбие сабақ үзінділерін «Арқа дидары» телевидениесі түсіріп, жергілікті каналдан көрсетілді.

Мектеп парламентіне президент сайлау мектеп-гимназиямызда аға тәлімгердің және парламент мүшелерінің ұйымдастыруымен өткізілді. Сайлау ережелерімен барлық ұстаздар мен 5-11 сынып оқушылары таныстырылды. Сайлау белгіленген күнінде өткізілді. 5-11 сынып оқушылар және ұстаздар, кандидаттар өз дауыстарын беріп, қорытындысында 10 В сынып оқушысы Ердаулетқызы Томирис президент болып сайланды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүзеге асырылады. Соның бірі 11- сыныпта өткізілген «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбындағы сынып сағатына құқықтану пәні мұғалімі Тургумбаева Г.Ш. қатысып, оқушыларға көптеген керекті мәліметтер мен қатар жемқорлық үшін жазалар, ҚР заңына сәйкес баптармен таныстырды. 8-10 сынып арасында дәстүрге айналған күзгі бал іс- шарасы өткізілді.

Мақсаты: молшылық , берекесімен келген алтын күздің келуі қарсаңында оқушыларды байқауға қатыстыра отырып, сымбаттылық, шеберлік, мәдениеттілікке баулу болып табылды. “Ханзада мен ханшайым -2024” байқауына жоғарғы 8-10 сынып оқушылары белсене қатысып, берілген кезеңдерде шебер өнерлерін көрсете білді және марапатқа ие болды.



25-қазан Республика күні мерекесіне орай арнайы жоспармен көптеген іс-шаралар атқарылды. Барлық сыныптарда Республика күніне арналған сынып сағаттары өткізілді. Мемлекеттік гимн орындау челленджіне қатысты.

Сонымен қатар Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы «Қыран елім- Қазақстан» авторлық өлеңдер оқу челленджін ұйымдастырған болатын. Аталған іс-шараға мектеп –гимназиямыздың ақын оқушылары белсене қатыстып, инстаграм парақшаға жарияланды.

1-тоқсан аяқталуына байланысты оқушылардың күзгі каникул уақытын тиімді, әрі пайдалы өткізу мақсатында арнайы жоспар құрылып іс-шаралар өткізілді. Жоспар бойынша кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Демалыста кітап оқимын» челленджі, спорттық секция жетекшілерінің ұйымдастырумен 9-10 сынып оқушылар арасында волейболдан жарыс, ЖЖЕ үйірмесінің жетекшісінің ұйымдастыруымен «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларына арналған мүдделі маман иелерімен кездесу өткізілді.

Қараша айы «Әділеттілік және жауапкершілік» айы. Әділдік пен жауапкершілік ұғымдарын оқушылар арасында қалыптастыру үшін ақпарат және білім беру.

Мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен мектеп- гимназия білім алушыларының және ұстаздар арасында үзіліс уақытында “Мақалды жалғастырайық...” іс- шарасы өткізілді. Іс- шара барысында ұстаздар бір мақал айтып бауырсаққа ие болды.

Ұлттық ойынды насихаттау мақсатында 7-8 сыныптар арасында мектеп лигасы- 2024 қалалық тоғызқұмалақ жарысында: мектеп оқушылары командалық жүлделі 2,3- орынды жеңіп алды. Қалалық 7-8 сынып оқушылары арасында үстел теннисінен жарыста мектеп- гимназиямыздың теннисшілері командалық жүлделі 3- орынды жеңіп алса, қыздар арасында жекелей жарыста Табылды Айғаным жүлделі 1- орынды жеңіп алды.

Кітапханашылардың ұйымдастыруымен Қ. Сатпаевтың 125 жылдығына орай арнайы бұрыш жасалды. Мектеп- гимназия оқушылары Қаныш Сатпаевтың өмірі, еңбегі және зерттеулері туралы мәліметтерді осы бұрыштан көре алады. Қажет жағдайда мектеп- гимназия кітапханашылары түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар 8 «А» сынып оқушылары арасында академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына орай «Қаныш Сәтбаев - Ұлы тұлға» тақырыбында дәрісі өткізілді. Мақсаты: Аса көрнекті ғалым, геолог, мемлекет қайраткері, Қаныш Сәтбаевтың артында қалдырған ғылыми мұралары мен оқушыларды таныстыру болып табылды.

Балаларды тұрмыста энергияны үнемдеудің қарапайым әдістерін үйрету мақсатында “Үйдегі энергияны үнемдеу”, “Энергия үнемдеу және біздің болашағымыз”, «Үнемдей білеміз бе?» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

04 қараша мен 04 желтоқсан аралығында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында айлық өткізілді. Айлық барысында оқушылардың құқықтың сауаттылықтарын арттыру мақсатында оқушылар арасында дебат, викториналық, зияткерлік жарыстар, тренингтер, тәрбие сағаттары, мүдделі мекеме қызметкерлерімен кездесулер, плакатар сайысы, ата- аналар арасында дөңгелек үстел т.б іс-шаралар жүргізілді.




15 қараша ұлттық валюта күніне орай бастауыш сынып арасында оқушыларға валюта күнінің маңыздылығын, ұлттық теңгенің құнын түсіндіру мақсатында тәрбие сағаттары, 5-7 сыныптар арасында викториналық сайыстар, 8-11 сыныптар арасында дөңгелек үстел мен тағылым сағаттар өткізілді.



Біртұтас_тәрбие бағдарламасы аясында “Көшпелі концерт” жобасын іске асыру мақсатында А. Құнанбаев атындағы мектеп- гимназиясының “Өрімтал”, “Домбыра дастан» үйірмелері және “ Нәзік” бишілер тобы Фурманов және Восточный ауылында жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына, ұстаздарына және ата- аналарына Тәуелсіздік күні мерекесіне орай “ Тәуелсіздік -тірегім, Қазақстан - жүрегім” тақырыбында мерекелік концерт қойып қайттық.

Қалалық «Әке-шаңырақтың тірегі» тақырыбындағы әкелер сайысына мектебімізден 6”В” сынып оқушысы Сәндібек Дания әкесімен қатысып, жүлделі 1-ші орынға ие болды. “Отбасылық хикаялар” республикалық видеороликтер байқауында мектеп- гимназиямыздың оқушысы Бауыржан Алтыншоқ жүлделі 2- орынға ие болды.



Желтоқсан «Бірлік және ынтымақ» айы. “Жас-Ұлан” жасөспірімдер мен балалар орталығы “Робототехника” үйірмесінің ұйымдастыруымен “Робосума” жарысында мектеп- гимназиямыздың #Smart” клубының мүшесі Бигелді Бақтияр жүлделі 1- орынды жеңіп алды.

Лисаковск қаласында өткен “Ақбозат -2024” 7-8 сынып оқушылары арасындағы облыстық шахмат жарысында мектеп-гимназиямыздың ойыншылары жүлделі 3-орын иеленді.

1- желтоқсан дүниежүзілік СПИД ке қарсы күрес күніне орай “Зиянды әдеттерден аулақ болайық!” тақырыбында мектепішілік 10-11 сынып оқушыларына арналған іс- шара өткізілді. Іс- шараға Арқалық қалалық ауруханасының психологы Няғмат Азия Даулетқызы қатысып, оқушыларға көптеген пайдалы кеңестер берді. Мектеп медбикесі Альмишева Баян “ЖҚТБ - ғасыр дерті” тақырыбында видеороликке оқушылармен бірге талдау жасады. Оқушылар сұрақтарын қойып, жауап алды.

“Өркен” балалардың әл-ауқатының ғылыми практикалық институтының бастамасымен өткізілген “Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз” атты флешмобқа мектеп - гимназия оқушылары да ,өз үлестерін қоса білді.

Қалалық суда жүзу жарысынан мектеп оқушысы Сүндет Серікжан 25 м қашықтықта жүлделі 1-орын, 50 м қашықтықта жүлделі 3- орынға ие болды.



Зорлық - зомбылықсыз 16 күн онкүндік аясында оқушыларға зорлық -зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Зорлық -зомбылықтың адам өміріне тікелей әсер ететінін түсіндіру. Оқушыларымыздың жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстатып, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында тәрбие сағаттары, дәрістері жүргізілді және бейнероликтер жасалды. Педагог психологтар тарапынан тренингтер жүргізілді.

16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Жетістігімді еліме арнаймын тақырыбында челленджі өткізілді. Челлендждің мақсаты: Өз жетістіктерін және білімдерін елдің игілігі үшін пайдалануға ынталандыру болып табылды.

Сонымен қатар ҚР Тәуелсіздігіне орай тәрбие сағаттары, викториналық сауыстар, бейне құттықтаулар өткізілді. Мақсаты:білім алушылардың бойында патриоттық сезім қалыптастыру, отанға деген махабатын арттыру болып табылды.



Қаңтар «Заң және тәртіп» айы. Мақсаты – оқушылар мен жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, заңға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру және қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде жауапкершілікті күшейту болып табылады.

8-11 сынып оқушылары арасында «Қаржылық сауаттылық» тақырыбында тәрбие сағаттар өткізілді. Мақсаты: Алаяқтық сайттар мен ұсыныстардың белгілерін тану, қауіпсіз құпия сөздер жасау, интернеттегі ақпаратты сын тұрғысынан талдау, тәуекел жағдайында негізделген шешімдер қабылдау. Тәрбие сағат барысында оқушыларға жастайынан қаржылық сауаттылықты үйрету, алаяқтарға алданып қалмауы және болашақта жеке табыстарына сауатты болуы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

5-7 сынып оқушылары арасында «Террористік іс-әрекеттің алдын алу» мақсатында тәрбие сағаттар, кездесу өткізіліп, ата-аналар арасында түсіндермелі жұмыстар жүргізілді. Мақсаты:терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері және зардаптарын ұғындыру. Сонымен қатар, қоғамның әлеуметтік, құқықтық сипаттарын ұғындыра отырып, лаңкестік, террорлық бағытта араңдатуға жол бермеу.

5-7 сынып оқушылары арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инспекторы Ғазез А.Ж. кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында жауапкершілік пен тәртіптің маңызы, құқық бұзушылықтың салдарын ұғындыру сияқты тақырыптар орын алды.



Ақпан «Жасампаздық пен жаңашылдық» айы. Бұл шығармашылық ойлау мен тың идеяларды қолдауға бағытталған айлық.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде «Құндылық тәрбие негізі» тақырыбында онкүндік өткізілді. Оенүндік барысында тәрбие сағаттар, іс-шалалар, кездесулер, үйірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Құндылықтар тәрбие негізі ретінде адамның өмірдегі негізгі бағыт-бағдарын, моральдық және этикалық ұстанымдарын, анықтайтын маңызды элементтер болып табылады.

«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында мектеп оқушылары арасында «Кітапханаға кітап сыйла» тақырыбында акция ұйымдастырылды. Мақсаты: Кітап мәртебесін көтеру мен жастарға кітап оқуды насихаттау.

5-7 сынып қыз балалары арасында тәлім тәрбиесі мол «Қош келдіңіз- Қош көрдік» тақырыбында кездесу өткізілді. Кеш қонақтары: Арқалық қаласы аналар кенесінің төрайымы Қалтаева Бақытжамал Аяғанқызы және аналар алқасының мүшесі Кулмухамбетова Хамаруан Сейтмухамедовна болды. Кездесу мақсаты: қыз балаларды тәрбиелеу, олардың қоғамдағы рөлі мен маңызды қасиеттерін дамыту болып табылды. Бақытжамал Аяғанқызы қыз балалар үшін, қыз бала тәрбиесіне байланысты мағыналы әңгімелер жүргізді.

5-7 сынып ер балалары арасында «Жаңашылдық пен Жасампаздық» тақырыбында А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы «Әкелер алқасының» төрағасы, ұлағатты ұстаз, қазіргі таңда құрметті зейнеткер Шаимов Ботабай Мустафинович және Арқалық қаласы «Торғай медиа -А» ЖШС басшысы Ахметжанов Амангелді Серікұлы кездесу өткізді. Мақсаты – жасампаздық пен жаңашылдықтың маңызы жетістікке жету, ал жетістікке жету үшін отбасындағы әке мен баланың ынтымақтастығын күшейту болып табылды.

«Аутедеструктивтік мінез-құлық және зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 5-11 сынып ата-аналары арасында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты аутодеструктивті мінез-құлықтың, зиянды заттардың, балалар мен жсөспірімдер арасында зорлық-зомбылық әрекеттерінің алдын алу.



8-11 сынып оқушылар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында Арқалық қаласы өңірлік ауруханасының мамандарымен кездесу өткізілді. Қыз балалардың бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру, ерте жүктіліктің денсаулыққа, оқу-білімге және болашақ өмірге тигізетін зиянды салдарын түсіндіру арқылы олардың саналы таңдау жасауына, өз абыройын, ар-намысын жоғары ұстауға тәрбиелеу көзделді.

Бастауыш сынып ата-аналары мен оқушылар арасында «Отбасылық таланттар» атты өнер байқауы өткізілді. Отбасылық таланттар- бұл отбасы мүшелерінің шығармашылық қабілеттерін көрсететін, түрлі өнер түрлерін жасыратын іс-шара болып табылды.



Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы. Оқушылардың бойында Тәуелсіздік құндылықтарын қадірлеу, елін, жерін сүю, ұлттық рух пен отаншылдық сезімін қалыптастыру, тарихи сананы жаңғырта отырып, белсенді азаматтық ұстанымды дамыту айлығы.

1 наурыз Азаматтық қорғаныс күніне арналған саптық жиыны өткізілді. Мақсаты: оқушыларға төтенше жағдайлар мен апаттар кезінде өзін-өзі қорғау әдістерін үйрету. Құтқарушылардың, өрт сөндірушілердің, медициналық көмек қызметкерлерінің және басқа да мамандардың еңбегін насихаттау. Оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру болып табылды. Азаматтық қорғаныс күніне арналған саптық жиыны ҚР Гимн орындаумен басталды. Іс-шара барысында оқушыларға Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні туралы мағлұмат берілді.

1 наурыз күні оқушыларға алғыс айту мәдениетін үйрету, оларды ізгілікке, адамгершілікке баулу, бір-біріне және қоғамға деген құрмет пен сенім сезімдерін дамыту арқылы челлендж өткізілді. Челлендж арқылы оқушылардың арасында ізгі қарым-қатынасты нығайту, алғыс айту мен ризашылық білдірудің маңызын түсіндіру, өзара сыйластықты, қайырымдылықты және мейірімділікті насихаттау, оқушыларды жақсы істер мен ізгі амалдарға шақыру болып табылды.

1-11 сынып оқушылары арасында дәстүрлі түрде «Абай оқулары» байқауы өткізілді. Мақсаты: мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және Абай шығармашылығын насихаттау арқылы қазақ мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне деген оқушылардың ықыласын арттыру.

Армысын, әз-Наурыз! 1-11 сынып оқушылары арасында Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына арналған «Армысын, әз-Наурыз» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында тәрбие сағаттар, ұлттық ойындар, мерекелік концерт өткізілді. Мақсаты: Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт – дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу болып табылды.

Еліміздің мәдени мұрасын сақтау, білім алушылардың эстетикалық және патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, балалардың домбырада орындау шеберлігін насихаттау, музыка ойнаудың ұжымдық нысандарын дамыту және жетілдіру мақсатында дәстүрлі Наурыз мерекесіне арналған жыл сайынғы «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар челленджіне А.Құнанбаев атындағы мектеп- гимназиясы ұстаздары мен оқушылары ат салысты. Халық күйі «Тепеңкөк» және Нұрғиса Тілендиевтің күйі «Әлқисса» орындалды.



Сәуір «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы. Еңбекқорлық пен кәсіби шеберлікті дәріптеу айы. Бұл кезеңде әр саладағы қызметкерлердің еңбегі мен кәсіби жетістіктеріне назар аударылады. Еңбекқор адам – қоғамның тірегі, ал кәсіби біліктілік – табысты дамудың кепілі.

“Мамандық таңдау- ертеңді ойлау” А.Құнанбаев атындағы мектеп - гимназиямызда жоғарғы сынып оқушыларымен “Мамандық таңдау- ертеңді ойлау” тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу қонақтары: Қалтаева Б. А., Әубәкір Т.Ғ., Жанакбаева С. К. болды. Кездесу барысында оқушылар мен қонақтар арасында сұрақ- жауап болып, мамандық таңдаудың маңыздылығы туралы айтылды.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай мектепшілік жоспар құрылып, сол жоспар бойынша көп деген іс-шаралар жүргізілді. Атап айтсақ, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай мектеп-гимназиямыздың кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Қазақстан: бәрі де Жеңіс, бәрі де майдан үшін» атты көрме жасалып, оқушыларға тағылым сағаты өткізілді.

9- мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған жоспар бойынша “Менің атам қаһарман” тақырыбында бейнеролик түсірілді. 7-сынып оқушысы Болат Рамазан- өзінің нағашы атасы туралы баяндап берді.

«Теңдесі жоқ тарихи жеңіс» 8«Б» сынып оқушылары арасында Ұлы жеңістің 80 жылдығына арналған «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» тақырыбында «Теңдесі жоқ тарихи жеңіс» атты эссе байқауын өткізді. Бұл эссе арқылы Ұлы Отан соғысында қазақ халқының ерлігі мен қажырлы еңбегін көрсету, жеңістің оңай келмегенін, оның артында қаншама жанкешті күрес пен қайсар рух жатқанын ұғындыру. Сол арқылы жас ұрпаққа отансүйгіштік, патриотизм, тарихи жадыны құрметтеу секілді асыл қасиеттерді дарыту. Сонымен қатар, соғыстағы Жеңістің тек тарихи оқиға емес, ұлт үшін теңдесі жоқ мұра екенін дәлелдеу.

“Жасыл ел- жарқын келешек” тақырыбымен мектеп- гимназиямыздың “Жасыл клуб” үйірмесінің жетекшісі Серкешова Г.Б. ұйымдастыруымен үйірме мүшелері мектеп ауласына тал егу іс- шарасын жүргізді.

Іс –шара мақсаты - мектеп ауласының тазалығын сақтау, көгалдандыру жұмысымен шұғылдану және табиғатты сүюге, аялауға, қорғауға, еңбекке Ағаштар да басқа өсімдіктер тәрізді, бірақ олар бірнеше ғасырға дейін өмір сүреді. Ағаштардың ауаны тазартудан басқа да пайдасы өте мол. Өйткені, әрбір тал күтімі жақсы болса, экологиялық ахуал жақсарып, қоңыржай климат қалыптастыруға әсерін тигізеді.



2025 жылдың 10 сәуір күні Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Арқалық қаласы А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушылары Арқалық қаласы Полиция басқармасына «Ашық есік» күніне барды. Оқушыларға Полиция Басқармасының мұражайы, дене шынықтыру бөлмесі, Полиция қызметкерлерінің қызметтік автокөліктері көрсетілді. Жедел қимылдайтын арнайы жасақ қызметкерлері, автомат Калашниковты шашып құрауды балаларға көрсетіп, түсіндірді. Полиция қызметкерлері жұмысы туралы айтылып оқушылардың сұрақтарына жауап берілді.

Мамыр - «Бірлік пен ынтымақ» айы.

2-3 сынып арасында 1-мамыр — Қазақстанда бірлік, ынтымақ және достық күні ретінде аталып өтетін маңызды мереке. Осыған орай мектеп- гимназиямызда “ Бір шаңырақ астында” тақырыбымен ұлттар шеруі өткізілді.

Мақсаты: Қазақстандағы түрлі этностардың мәдени байлығын насихаттау; қатысушыларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу; этностар арасындағы өзара құрмет пен ынтымақтастықты нығайту. Барлық қатысушыларға мадақтама және естелік сыйлықтармен марапатталды. Байқауға демеушілік көрсеткен 2 Б сынып жетекшісі - Садуова Ж.Т. және 2 Б сынып ата-анасы Ділдәбекова Лаззат апайға әкімшілік атынан алғыс айтылды.

1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі мен 7- мамыр Отан Қорғаушылар күніне орай мектеп- гимназиямыздың спорт секция жетекшілерінің ұйымдастыруымен 6 сынып ата-аналары арасында «Батыр әке-мықты ұл» спорттық эстафета. 5 сынып жітікшілер мен ата-аналар арасында «Біз біргеміз!» көңілді мәре. 7 сынып ата-аналары арасында «Достық пен татулық-елдің тұтқасы» волейбол жарысы өткізілді.

Іс- шараның мақсаты: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында салауатты өмір салтын насихаттай отырып ата-аналар арасында, әке мен бала арасында ынтымақ, бірлікті нығайту, спортқа деген сүйіспеншілікті арттыру болып табылады. Аталған күн денсаулық пен сергектікке, достық пен татулыққа, шапшандық пен жігерлікке арналды.



1- мамыр Қазақстан халқы бірлігі күніне орай 3 А сыныбында тәрбие сабағы өткізілді. Тәрбие сағатының тақырыбы: "Ынтымағы жарасқан ел – тату ел"

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан халқының бірлігі күні туралы мағлұмат беру арқылы ел ішіндегі түрлі ұлттар мен ұлыстардың тату-тәтті өмір сүріп жатқанын ұғындыру; ұлттар арасындағы достық пен ынтымақты нығайтудың маңызын түсіндіру; оқушыларды ұлтжандылыққа, бейбіт өмірді бағалауға, өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу; оқушылардың бірлік, татулық, достық туралы түсініктерін кеңейтіп, оларды мейірімділікке, сыйластыққа, ауызбіршілікке баулу.



Халқымыз «Жігітке жеті өнер де аз» деп бекер айтпаған. Өткізілген кеш – ақыл мен парасаттың, өнер мен білімнің, салт-дәстүрге деген сүйіспеншіліктің тоғысқан мерекесі. Кештің басты кейіпкерлері – мектептің намысын қолдан бермейтін, ұлттың ұланы болуға лайықты 8–9 сыныптың өрелі ұландары! Байқау өте қызықты жоғарғы деңгейде өткізілді. Ұйымдастырушылар: “Болашақ” мектеп парламенті және аға тәлімгер Талкенова К. А.

7-мамыр Отан қорғаушылар күні және 9- мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай 7-мамыр Отан қорғаушылар күні және 9- мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай “Ерлік- елге мұра, ұрпаққа ұран” тақырыбымен 5-6 сынып білім алушылары арасында патриоттық әндер байқауы өткізілді.

Мақсаты: білім алушылардың көркем- эстетикалық бағыттағы мәдениеттілігін дамыту, өнерін шыңдау. тақырыбымен 5-6 сынып білім алушылары арасында патриоттық әндер байқауы өткізілді.

Мақсаты: білім алушылардың көркем- эстетикалық бағыттағы мәдениеттілігін дамыту, өнерін шыңдау.



"Ана құрмет" челленджіне қатысушы Еслан Ақжүрек 4 "Б" сынып

Мақсаты: баланың жасына қарамастан, анасына деген шынайы сүйіспеншілігі мен шынайы құрметін, АНАҒА деген махаббатын білдіру.

3,4 сыныптар аралығында 15 -мамыр Халықаралық Отбасы күніне орай "Отбасы-асыл қазынам" бейнеролик байқауы өткен болатын.

Мақсаты: Отбасылық құндылықтарды насихаттау, ата-анасын, жақындарын бағалау, құрметтеу сезімдерін кеңейту. Отбасындағы қарым-қатынастың беріктілігін нығайту.

Оқушылар бойында отбасына, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Нәтижесінде:

Бас жүлде- 4"А" сынып оқушысы Русланқызы Аружан

1 орын- 3”В” сынып оқушысы Жылкельдина Аяжан
2 орын-4”В” сынып оқушысы Балғазы Әлихан
3 орын- 4”Б” сынып оқушысы Серікбай Ерасыл,
3”Д” сынып оқушысы Қайрат Жансерік,
3”Б” сынып оқушысы Жұмабек Нұрхан

Рухани байлығымыздың тамырына бойлап, ән мен күй әлеміне саяхат жасау мақсатында мектеп- гимназиямыздың өнерпаздары “ Ән- көңілдің ажары, күй-көңілдің базары” тақырыбында М. Әуезов атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп көрермендеріне тамаша көңіл сыйлады.

Иә, ән – көңілдің ажары, күй – базары.

Ән – жүректің сыры, күй – қазақтың үні.

Ән – ұлт рухының, ел болмысының бейнесі. Қазақ халқы өмірдің қуанышы мен қайғысын әнмен жеткізген.

Ән – тек өнер ғана емес, тәрбие. Ол – елге деген сүйіспеншіліктің шынайы көрінісін бейнелеген әндер мен билер, күмбірлеген күйлер орындалды.



Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалар:

«Қамқор» жобасы

Қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті, жанашырлық пен мейірімділік мәдениетін қалыптастыру болып табылады.


Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш-6

Охват: 265

Білім алушы – 150

Ата-ана-75

Педагог 40



«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы

Адалдық, жауапкершілік, парасаттылық сияқты адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында құрылған тәрбие үрдісі. Бұл бастама "Саналы ұрпақ", "Адалдық алаңы" жобаларымен үндесіп, жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеуді көздейді көздейді.

Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш-10

Охват: 232

Білім алушы – 200

Ата-ана -12

Педагогтер-20

«Smart Bala» жобасы

Оқушылардың цифрлық сауаттылығын, логикалық және сыни ойлауын, креативті қабілетін дамытып, өз білімін заманауи форматта тиімді қолдана алатын жан-жақты тұлға қалыптастыру бағытталған.

Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш-12

Охват: 88

Білім алушы – 63

Ата-ана -10

Педагог -15



«Шабьт» жобасы

Оқушылардың шығармашылық қабілетін, музыкалық талғамын, эстетикалық дүниетанымын қалыптастыратын тамаша қосымша білім беру түрі.

Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш-28

Охват:230

Білім алушы – 120

Ата-ана 90



«Ұшқыр ой аланы» жобасы

Оқушылардың сөз саптауын, сыни ойлауын, сенімді сөйлеу қабілетін, көшбасшылық қасиетін дамытуға таптырмас тәрбие құралы болып табылады.

Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш-25

Қамту (Охват): 50

Білім алушы – 50

Ата-ана -0



«Балалар кітапханасы» жобасы

Балалар кітапханасы жобасы – оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттырып, мәдени, рухани дамуына ықпал ететін маңызды жоба болып табылады. Кітап оқу арқылы ойлау, сөйлеу, жазу дағдылары дамытып жүзеге асырылады.

Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіші- 16

Қамту (Охват): 350

Білім алушы – 320

Ата-ана -10



«Алдын алу шаралары»

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы

Буллингтен қорған!

Ойынға салауатты көзқарас

Өмірге салауатты қадам

Қоғамдық мүлікті қорға!

Қауіпсізқоғам

Біртұтас тәрбие" тұжырымдамасы аясында қауіпсіздік сабақтары оқушылардың жан-жақты қауіпсіз ортада өмір сүруіне, өздерін және басқаларды қорғауға, қоғамда бейбіт қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеуді көздейді. Атап айтса, “Жеке қауіпсіздік – өзінді қорғауды үйрен”, “Интернет қауіпсіздігі”, “Мектептегі тәртіп пен қауіпсіздік”, “Буллингсіз мектеп – баршаға қауіпсіз орта”, “Тұрмыстық қауіпсіздік негіздері” т.б. Тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен жұмыстары және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.

Буллингтің алдын алу «Kiva» бағдарламасы бойынша іс-шаралар, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорттық жарыстар, құқықтық сауаттылық сабақтары, “Зорлық-зомбылықтың алдын алу, жол қауіпсіздігінің алдын алу, терроризмнің алдын алу т.б.іс-шаралары жүргізілді.



Күнделікті, апталық және айлық іс-шаралардың өтілуі

Соның ішінде:

«Үнемді тұтыну» бойынша атқарылған шаралар

“Үнем-өмір кепілі”, “Су мен жарықты үнемдеу”, “Табиғатқа жарық бір күн” сынып сағаттары, “Қалдықтан пайдалы зат” көрме.

«Күй күмбірі» қанша мектепте пайдаланылады (енгізілді)

мектеп-гимназияда қоңырау үнінің орнына “Балбырауын” және “Сарыарқа” күйлері орындалады.

Ата-аналарды қолдау орталығы

2024-2025 оқу жылы аясында білім алушылардың ата-аналары үшін АПҚО ңс-шаралары ұйымдастырылды. Атап айтқанда, көпбалалы ата-аналар, тәжірибесі аз, бала тәрбиесіне педагогикалық қолдауға мұқтаж ата-аналар тартылды.

Ата-аналармен өткізілген іс-шаралар саны- 21. Қамтылған ата-аналар саны: 105

«Логикалық ойлауды үйрену», Отбасылық келісімнің кепілі-сенімді қарым-қатынас», «Жасөспірімнің түсінік алу және қабылдау тәртібі», «Балаңыздың ой –пікірін ояту», «Шығармашылықты ынталандыру», «Тұлғаның қалыптасуы: тәуелсіздікке құқық» т.б.



Ақпараттық және медиа қолдау. Сайттарда, әлеуметтік желілердегі белсенділік, жариялымдар саны, охват-534

Әлеуметтік желілер	Ссылкасы
Мектеп-гимназия сайты	https://kst-ark-sh6.edugov.kz
Мектеп-гимназия Instagram парақшасы	https://www.instagram.com/abai_mektep_gimnazya?utm_source=qr

Мектеп оқушыларының клуб, үйірмелерге тартылуы

№	Жетекшілер аты-жөні	Үйірме, клуб атауы	Бала саны
1	Қаби Еркеғали Жұмағалиұлы	«Адал ұрпақ»	15
2	Қаби Мөлдір Әбілхамитқызы	«Жас қыран» ЖЖЕ	15
3	Қабдуәлиев Айдар Мейрамбекұлы	«Домбыра -дастан»	15
4	Мырзағалиева Нұрсая Абдикаримовна	«Өрімтал»	15
5	Игісін Тойбазар Серікбайұлы	«Театр»	15
6	Бектенова Гаухар Сүйментаевна	«Отбасы»	15
7	Төлендіқызы Қырмызы	«Шамшырақ» дебат клубы	12
8	Серкешева Гүлім Болатовна	«Жасыл клуб»	12
9	Дүйсенов Қуандық Алдабергенұлы	«Smart» робототехника	15
10	Джанузаков Дастан Дарханов	«Балғын суретші»	15
11	Шаяхметов Баглан Ерденович	«Жас сарбаз»	12
12	Серкешева Гүлім Болатовна	«Жас құдық қорғаушы »	12
			168

Мектеп оқушыларының секцияға тартылуы

№	Жетекшілер аты-жөні	Үйірме, клуб атауы	Оқушылар саны
1	Байболов Тасқын Фазылович	«Волейбол» (ұл балалар)	40
2	Шалабаев Даулет Асанханович	«Волейбол» (қыз балалар)	40
3	Манетов МаксұтбекМаратов	«Баскетбол» қыз балалар	40

4	Шаяхметов Баглан Ерденович	«Баскетбол» ұл баллар	40
5	Аргынбеков Болат Мешитбаевич	«Футбол»	50
6	Оразбаев Наурыз Избастынович	«Ұлттық ойындар»	45
7	Мағауов Ерболат Абайұлы	«Дебют», «Тоғызқұмалақ»	90
			345

Қосымша білім беру орталықтарына қатысатын оқушылар саны

№	БЖО «Жас Ұлан» қатысатын бала саны	Қосымша білім беру орталығына баратын бала саны	Музыка мектепбіне қатысатын бала саны	Спор т мектепбіне баратын балалар саны	Барлық бала саны
1	325	355	38	114	832

«Біртұтас тәрбие» бағдарласамы бойынша қатысқан оқушылардың жетістігі

	Іс-шараның атауы	Қатысушының аты-жөні	Нәтижесі
Қалалық іс-шаралар			
1	«Робототехника» клубы ұйымдастыруымен қалалық «Робосумо» жарысы (Арқалық,2024ж)	Бигелді Бақтияр	I орын
2	Махамбет Өтемесұлының туғанына 220 жыл толуына орай «Жырдың алмас қылышы» атты көркемсөз байқауы (Арқалық,2024ж)	Берікқызы Інжу	II орын
3	«Жеңіс» спартакиадасы шеңберінде тоғызқұмалақ жарысы (Арқалық,2024ж)	5-8 сынып оқушылары	I орын
3	«Әке-шаңырақтың тірегі» атты отбасылық сайысы (Арқалық,2024ж.)	Мешітбаевтар отбасы	I орын

4	Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Тоғызқұмалақ» жарысы (Арқалық,2024ж.)	Қасымхан Жанерке	I орын
5	Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Тоғызқұмалақ» жарысы (Арқалық,2024ж.)	Ғалымжан Зере	II орын
6	Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ақбозат, мектеп лигасы-2024» шахмат жарысы (Арқалық,2024ж.)	Исламбек Ажар	I орын
7	Суда жүзу жарысы (Арқалық,2024ж.)	Сүндет Серікжан	I орын
8	«Біртұтас тәрбие» жобасы аясында «Жұлдыз life» патриоттық әндер байқауы (Арқалық,2024ж.)	Бердағы Амина	II орын
9	«Армандастар» балалар шығармашылығының театр ұжымдарына арналған қалалық байқауы (Арқалық,2025ж.)	«Театр» үйірмесінің мүшелері	II орын
10	Жас қырандар арасында өткізілген «Шебердің қолы ортақ» атты қалалық қолөнер сайысы (Арқалық,2025ж.)	Касымхан Жансезім	III орын
11	«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумның қалалық кезеңінде «Мен мамандықты таңдаймын» номинациясы бойынша (Арқалық,2025ж.)	Жұмаш Томирис	I орын
12	Мыржақып Дулатовтың 140 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ұлттық Мектеп лигасы, алтын доп-2025» жарысы (Арқалық,2025ж.)	Мейрамғалиұлы Бекнұр	I орын
13	Мыржақып Дулатовтың 140 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ұлттық Мектеп лигасы, Шұбар доп-2025» волейбол жарысы (Арқалық,2025ж.)	7-8 сынып оқушылары	III орын
14	«Шуағын шашқан әз Наурыз» наурыз мерекесіне арналған «Ең дәмді бауырсақ» кезеңі бойынша (Арқалық,2025ж.)	8 сынып оқушылары	III орын
15	«Ұлттық киім-ұлттымыздың келбеті» байқауы (Арқалық,2025ж.)	Қайрат Шайзада	II орын
16	1-4 сынып оқушылары арасында «Тоғызқұмалақ» жарысы (Арқалық,2025ж.)	1-4 сынып оқушылары	1 орын

17	1-4 сынып оқушылары арасында «Халық добы» жарысы (Арқалық,2025ж.)	1-4 сынып оқушылары	III орын
18	«Менің бастамам-Менің Отаныма» республикалық жоба байқауының қалалық кезені (Арқалық,2025ж.)	Ерғазина Балым	III орын
19	«Менің бастамам-Менің Отаныма» республикалық жоба байқауының қалалық кезені (Арқалық,2025ж.)	Аментай Наргүл	III орын
20	«Менің бастамам-Менің Отаныма» республикалық жоба байқауының қалалық кезені (Арқалық,2025ж.)	Койшугулова Жанел	III орын
21	«Гандбол» спорттық жарысы (Арқалық,2025ж.)	7-8 сынып оқушылары	I орын
22	Жас қырандар арасында «Фэнтази-2025» байқауы (Арқалық,2025ж.)	Юсип Айзере	III орын
23	«Туған өлкенің тарихы» буклеттер байқауы(Арқалық,2025ж.)	Шөптібай Еркеназ	II орын
24	Ш.Қалдаяқовтың 95 жылдық мерейтойына орай өткізіліген «Ән көгінің сұңқары-Шәмші» әншілер байқауы(Арқалық,2025ж.)	Бауыржан Жанайым	I орын
25	«Менің Қазақстанның-менің болашағым» атты қалалық пікір-сайыс турнирі(Арқалық,2025ж.)	10 сынып оқушылары	III орын
26	«Болашақ педагогтің күні» бейнероликтер байқауы(Арқалық,2025ж.)	Нуржанова Жансая	II орын
27	«Жанұя» клубтарының арасында «Сырласайық жеңеше» байқауы	Қоңысбай Айзере	III орын
28	«Шұбар доп-2025» волейбол жарысы	7 сынып оқушылары	III орын
29	Республикалық ұлттық мектеп лигасы «Алтын доп-2025» баскетбол жарысы	7-8 сынып оқушылары	I орын
Облыстық іс-шаралар			
30	II облыстық «Оқы және Жең» онлайн кітап оқу байқауы (Қостанай,2024)	Алмат Лунара	II орын
31	Робототехника және бағдарламалау бойынша R:ED FEST ашық халықаралық фестиваль 2024 (Қостанай, 2024ж.)	Ахметжан Темірлан	II орын

32	Ұлы Отан соғысының, соғыс қимылдары мен бітімгершілік операцияларының ардагерлерін еске алуға арналған әскери эстафетада, ерлік сабағы (Қостанай,2024ж)	Болат Жантөре	Құрмет грамотасы
33	Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына арналған Қостанай облысының ұлттық мектеп лигасы бойынша шахмат жарысы (Қостанай,2024ж.)	Қуанышбек Айбын	ІІІ орын
Республикалық іс-шаралар			
34	«Отбасылық хикаялар» республикалық бейнеролик байқауы(Нұр-сұлтан,2024ж)	Бауыржан Алтыншоқ	ІІ орын

Медициналық пунктті жарақтандыруға арналған медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың тізбесі

№	Медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың атауы	Саны
1	2	3
1	Жазу үстелі	1
2	Орындықтар	2-6
3	Кушетка	1
4	Кеңсе шкафы	1-3
5	Медициналық шкаф	1
6	Керме	1
7	Шыны қақпағы бар медициналық шағын үстел	1-2

8	Тоңазытқыш (вакциналарға және дәрі-дәрмектерге арналған)	2
9	Тонометр	1-2
10	Фонендоскоп	1-2
11	Бактерицидті шам	1-2
12	Медициналық таразы	1
13	Бой өлшегіш	1
14	Вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер	1-2
15	Үстелге қоятын шам	1
16	Медициналық термометрлер	20-50
17	Қайшылар	2
18	Қол жуатын раковина	1
19	Педальды қақпағы бар шелек	1
20	Вакциналардың қалдықтарын жоюға арналған ыдыс	2
21	Медициналық халаттар	2
22	Қалпақтар	2
23	Бір рет қолданылатын жаймалар	үнемі болады
24	Бір рет қолданылатын қағаз сүлгілер	үнемі болады
25	Жинауға арналған қоңыр түсті халаттар	1
26	Бір рет қолданылатын бетперделер	10-30
27	Жинау мүкәммалы: шелек, швабра, шүберек, шүберектерді сақтауға арналған сыйымдылықтар, қолғаптар	үй-жай жиынына қарай есептеледі
28	Дезинфекциялау құралдары	3 айға қор
29	Кеңсе тауарлары (журналдар, дәптерлер, желім, қаламсап, қағазтескі, степлер, корректор, папкалар және	қажеттілігіне қарай

	т.б.)	
30	Кішкентай бикс	1 дана
31	Үлкен бикс	1 дана
32	Резеңке бұрау	4-6 дана
33	2,0 5,0 10,0 инелері бар шприцтер	10 дана 10 дана 5 дана
34	Пинцет	1 дана
35	Резеңке жылытқы	1-2 дана.
1	2	3
36	Мұзға арналған ыдыс	1-2 дана.
37	Бүйрек тәрізді науа	5 дана.
38	Металл қалақша	40 дана.
39	Аяқ-қолды иммобилизациялауға арналған шиналар	5 дана.
40	Сантиметрлік лента	1 дана
41	Көздің көргіштігін анықтауға арналған кестелер	1 дана
42	Дозаторлы сұйық сабын	үнемі болады

Медициналық құжаттар уақытымен жүргізіліп отырады, профилактикалық екпелерге жоспар құрылып, Қазақстан Республикасының профилактикалық екпелер күнтізбесіне сәйкес екпелер уақытымен жүргізіліп отырылады. Барлық екпелерді ата-аналардың рұқсаты арқылы ғана жүзеге асырылады.

Шокқа қарсы дәрі-дәрмектердің барлығы жасақталған. Ылғалды тазалық жоспар бойынша жетісіне 1 рет жасалады. Бактерицидтік шамдар әрдайым уақытылы қосылып, бактерицидтік шамның жұмыс уақыты журналына тіркеледі.

Мектеп-гимназия бойынша «Тәуекел» тобы, «Мектепішілік» тіркеу және жасы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияның есебінде тұратын оқушылар туралы мәлімет

2024-2025 жыл		
«Тәуекел» тобы	«Мектепішілік» тіркеу	ІІБ КТІББ
0	0	0

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жасөспірімдердің арасында құқықтың сауаттылықты арттыру мақсатында жұмыстар жүргізіледі. 2024-2025 оқу жылында құқық бұзушылыққа бейім оқушылар «Тәуекел» тобы мен «Мектепішілік» тіркеуге алынды. Жоспар бойынша қосымша жұмыстар жүргізіліп, тәртібінде нәтиже болғандықтан оқушылар мерзімі аяқталғаннан кейін тіркеуден алынды. Қазіргі таңда тіркеуде оқушылар жоқ.

Мектеп-гимназиямызда, оқушылардың бойына Абай атамыз сияқты кемеңгер ұлы ақынның асыл қасиеттерін көрсетіп, сіңдіру үшін Абай мұражайы тәрбиелік іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу мақсатында жиі пайдаланылады.

Тәрбие үрдісі бойынша жоспарланған іс-шаралардың тәлім тәрбиесі мол. Алдағы уақытқа қойған мақсан міндеттер айқын. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы берілген ұсыныстар мен құндылықтар жалпы тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

«Біртұтас тәрбие» жұмысы ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

«Біртұтас тәрбие» тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

«Біртұтас тәрбие» тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

«Біртұтас тәрбие» сынып жетекші және ата-аналар, оқушыларға стимул береді:

- салауатты өмір салтына ынталандыруға;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құруға;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулуға;
- қазақи құндылықтарды баланың санасына сіңдіруге.

Орындаған: ДТДЖО Кайдаулова Д.Е., Жапарова А.К.

